

«№92 гимназия» КММ
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№3 хаттамасынан көшірме

Қатысқан: 7 адам

Қамқоршылық кеңес төрағасы – Қасқырбай А.Д.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

орынбасары – Смакова А.С.

Қамқоршылық кеңес мүшелері - Бейсейова М.Ә.

Абдрахманова М.Т.

Шайкен Р.О.

Дайров А.Б.

Қамқоршылық кеңес хатшысы Токмурзина И. Ж.

Күн тәртібі:

- 1. 2017-2018 оқу жылындағы жоспарға сай гимназияшілік өткізілетін мерекелік іс-шараларға қолдау көрсету, жоспарын бекіту.**
- 2. «Қамқорлық» акциясы**
- 3. Көктемгі демалыс кезінде гимназия маңын абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары туралы.**

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңесі төрағасы А.Д. Қасқырбай гимназия оқу-тәрбие жоспарына сәйкес сәуір айында оқушылар мен ұстаздардың жұптық «Екі жұлдыз» байқауы, мамыр айында ҰОС ардагерлерінің құрметіне және 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған бірнеше мерекелік іс-шаралар жоспарланып отырғандығы туралы айтып өтті. Қамқоршылық кеңестің мүшелері шараларды талқылай келе: «Екі жұлдыз» байқауы қатысушыларын марапаттауға ата-аналар тарапынан қолдау көрсететін үміткерлерге жетондар алу арқылы жүзеге асырылса деген шешімге келді. 9-мамыр ҰОС қатысушы ардагерлерден гимназияға тиесілі мөлтек ауданда 20 ардагер тұрып жатқандығы айтылды. Ардагерлерді құрметтеу мақсатында «Ардақтайық ардагерді!» ұранымен сыныптар ата-ана комитеттерімен ардагерлердің үйіне құттықтап, сый-сияпаттар апарса деген ұсыныс білдірді. 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған оқушылардың патриоттық тәрбиесін дәріптеу мақсатында «Әскери ән сап» байқауын өткізу туралы шешімге келді.

Екінші сұрақ бойынша кеңес төрағасының орынбасары А.С. Смакова сөз алды. «Қамқорлық акциясы» аясында 7 «А» сынып ата-аналарының ерікті көмек көрсетуімен, әлеуметтік көмекті қажет ететін 3 «Ә» сынып оқушысына 65000 тг көлемінде қыстық куртка, етік, рюкзакпен қажеттілігіне қарай қамтамасыз етті.

Үшінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңесі төрағасы А.Д. Қасқырбай көктемгі демалыс кезінде гимназия маңын абаттандыру, көгалдандыру, сонымен қатар сынып кабинеттерінің келесі оқу жылына дайындық жұмыстарына көмек көрсету туралы айтты. Қамқоршылық кеңес мүшесі Смакова Анар көгалдандыру мен сынып кабинеттерінің жұмысына көмек көрсету барлық ата-аналардың ерікті түрде ұйымдасуымен атқаруға ұсыныс жасады.

Шешім етті:

- 1) Ата-аналар жиналысында іс-шаралар жоспары ата-аналар назарына жеткізілсін.
- 2) Қайрымдылық акцияларын өткізу жалғасын тапсын.
- 3) Алдағы уақытта өткізілетін жалпы және сыныптық ата-аналар жиналыстарына барлық қамқоршылық кеңес мүшелері қатысып, жоғарыда айтылған ұсыныстарды барлық ата-аналар назарына жеткізу туралы шешім қабылданды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы – Қасқырбай А.Д.

Қамқоршылық кеңес хатшысы - Токмурзина И. Ж.

23.02.2018ж.